СЫР ТАБИҒАТЫ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР АССОЦИАЦИЯСЫ · СЫР ТАБИҒАТЫ · АССОЦИАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

12+ №48(376)

желтоқсан 14 декабря december 2022

Сәрсенбі • Среда • Wednesday

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ «АСЫЛ ДӘН LTD» ЖШС РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» БРЕНДІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Астанада «Ұлы дала елі» ортақ брендін иеленуге лайықты компаниялар анықталды. Биыл бренд құқығын пайдалану байқауына 14 компания өтінім білдірді.

Жеңімпаздар үш кезеңде сыналды. Бірінші кезеңде өтінімдер қаралды. Екінші кезеңде комиссия мүшелерінің өндіріс орнына барып, компаниялардың қызметін бағалады. Содан кейін онлайн дауыс беру арқылы «Ұлы дала елі» ортақ брендін пайдалану құқығын төрт компания алды. Атап айтқанда:

• «Асыл дән LTD» ЖШС (күріш өнімдері);

• «МедиДез» ғылыми-өндірістік бірлестігі» ЖШС (эндоскоптар мен бал жабдықтарын зарарсыздандыру үшін дезинфекциялау ерітінділері, медициналық және тамақ өнеркәсібіне арналған дезинфекциялау құралдарын өндіру, тұрмыстық химия өндірісі);

• «Ультрастаб-Қазақстан» ЖШС (тоқылған геосинтетикалық бұйымдар өндірісі);

• «Сартаев» жеке кәсіпкерлігі (балық өнімдері, тұщы су шаяндарын өсіру).

«Біз күріш ақтаумен айналысамыз. «Ұлы дала елі» брендінің жеңімпазы болдық. Осындай республикалық деңгейдегі байқауға бірінші рет қатысып жатырмыз. Бұл - бізге өте үлкен марапат. Бұның барлығы ұжымымыздың арқасында. Үлкен жұмыс жасалды. Соның нәтижесін осындай жетістікке жетіп жатырмыз. Алдағы уақытта бұдан да жоғары байқауларға қатысып, нәтиже көрсетуді мақсат етіп отырмыз. 45 адамды жұмыспен қамтып отырмыз. Өнімнің 60 пайыздан астамын Украина, Тәжікстан, Қырғыстан, Ресей, Түркияға экспортқа шығарамыз. Әлі кеңейткіміз келеді. Сапа біз үшін бірінші орында. Қуаныштымыз. Ұйымдастырып жатқан «Атамекенге», дауыс беріп қолдаған халыққа алғысымызды білдіреміз. Бұл бізге стимул береді», - деді қызылордалық «Асыл дән LTD» ЖШС директоры Нұрлан Алдамжаров.

Байқаудың мақсаты - отандық компанияны ынталандыру және экспортқа шығаратын сапасы жоғары өнімдерді «Ұлы дала елі» ортақ брендімен таныстыру, шетелдегі танымалдылығын арттыру. «Ұлы дала елі» ортақ бренді Қазақстанның брендін халықаралық нарыққа шығарып отырған отандық үздік тауар өндірушілерге табысталады.

Байқауға қатысушылар келесі критерийлерге сай болуы қажет:
- экспорт көлемінің үлесі өнімнің бір түрінің жалпы өндірісі көлемінен 10%-дан кем емес;
- тауар өндіру, қызмет көрсетуде жергілікті қамту үлесі (кемінде 30%);
- халықаралық бизнес-қоғамдастықтарға мүше болу;
- лицензия, рұқсат, патенттердің болуы;
- халықаралық марапаттар, дипломдардың болуы;
- бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша қаржылай емес есептілікті жариялау тәжірибесінің болуы.

Өткен жылдардың жеңімпаздары туралы ақпарат сілтемеде: http://www.ulydalaeli.kz/ru/index.html

Алдағы уақытта «Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары», «Ұлы дала елі» байқауларына қатысқысы келген кәсіпкерлер Қызылорда облысы кәсіпкерлер Палатасына хабарласа алады. Байланыс нөмірі 8 /7242/ 40-09-81.

Қызылорда облысы кәсіпкерлер Палатасының баспасөз қызметі.

ПРОГНОЗ ПОГОДЫ КЫЗЫЛОРДА

Источник: gismeteo.kz

Долгосрочный прогноз погоды является ориентировочным и отражает только характер изменения погоды.

Ср., 14 декабря 2022	Чт., 15 декабря 2022	Пт., 16 декабря 2022	Сб., 17 декабря 2022	Вс., 18 декабря 2022	Пн., 19 декабря 2022	Вт., 20 декабря 2022
0°C, Пасмурно	+1°C, Пасмурно	-1°C, Ясно	-1°C, Ясно	0°C, Ясно	+3°C, Ясно	+4°C, Пасмурно
-8°C, Пасмурно	-5°C, Пасмурно	-6°C, Ясно	-6°C, Ясно	-6°C, Ясно	-5°C, Ясно	-1°C, Пасмурно
5 м/с СВ	⇐5 м/с В	4 м/с СВ	6 м/с СВ	7 м/с СВ	12 м/с ЮЗ	5 м/с ЮЗ
80% влажн.	77% влажн.	77% влажн.	72% влажн.	68% влажн.	72% влажн.	52% влажн.
761 мм рт.ст.	758 мм рт.ст.	761 мм рт.ст.	762 мм рт.ст.	762 мм рт.ст.	759 мм рт.ст.	757 мм рт.ст.